ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Абайдың болыстыққа көзқарасы

Абай өзі өмір сүрген дәуірдің реалистік жыршысы болды және қазақ қоғамын, оның кертартпа түйіндерін бес саусағындай білді. Қазақты болдырмайтын зұлымдықтарды айнадай көріп, жақсы мен жаманын, рухани қайшылықтарын ой көзімен айқын саралап отырды.



Болжанды жоғары Кенесбай ШЕКІМБАЙ - 82х

Абайдың қайраткерлігі мен шығармашылық мұрасын зерттеушілер ұлы ақынның ескі қазақ дәстүріндегі би, болыс болған уақытын нақты анықтап, сол кезеңде халыққа қандай пайдасы тигенін білуге ниеттенді. Болыстыққа бес мәрте сайланған Абай өз қызметі арқылы туған халқына барынша ақ-адал жол нұсқады, әйел тендігін, жесір құқығын жақтап, 1886 жылы Қарамолада өткен съезде бекітілген заңға екі бап енгізгені белгілі.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың рулар арасындағы жер дауы, жесір дауы, өрпіш тұрған ескі араздық, бақталастық жегідей жеп, шешуі табылмай, өзара өшпенділікті қоздырған қазақ қоғамында қандай рөл атқарғанын тұңғиығынан тартып суреттеп жазды. Абайдың болыстық қызметін терең ашу, сол жолда кімдермен айқаса түсіп, неден соққы көргені Мұхтар Әуезовтің осынау романынан бастау алған.

«Өз әкесі Құнанбай Уақтан тартып алған Жымба, Арқалық, Күшікбайды түгелімен «даусыз Уақ жері» деп кесіп берді. Кеше Оразбайлар алғызбаймын деп, әмлемерге жүргізбеймін деп әлек-бүлік бастаған Ажжал, Төрекұдық, Қарақұдық, Обалы, Қоғалы деген қоныстардың бәрі – Көкен елінің қай ауылының, қай атасының мекені екенін Абай бұлжытпастан санап берді. Елу жылдан бері тартып жеп, бас қонып, бастық жайлап, зорлығын өткізіп алған Тобықты, бүгін Көкен елі өсіп көбейіп, еңбек етер өз жерін қайта сұраса, оны қаралайды, қылмысты етеді. Қала берсе, шауып шаншады, жазалап жаралайды».

Ұлы жазушы Абайдың әділдігін, өз ағайындарына жек көрінішті болса да, шындықты жақтауын сүйінішпен суреттеп берді. Ескі қазақ билігінде қара қылды қақ жарған небір атақты билер өткен. Олардың ел аузында аңыз айналған қасқан билігінен қазақта «Әділ биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген мақал қалған. Қазақ халқы басқа түскен жаңа низам аталған заңға, бодандыққа көніп, отарлық саясаттың астында қалған кезде әділ билердің заманы келмеске кеткен болатын. Абайдың «Болыс болдым мінеки» атты әлеуметтік лирикасы осы мезетті дәл сипаттап берген. Мұхтар Әуезов осы романда Абай мен Сәменнің арасындағы ертеңгі арқылы оны былайша көрсеткен:

«– Білем, мені із болсаңыз сайламас едіңіз, бірақ ел сайлаған.

– Сені ел емес, малың, парақ сайлаған.

– Оны да маған көп көрген екенсіз ғой?

– Татымсызға тиген болыстық та, қор болған болыстық.

– Жарайды, тартысқы көреміз. Татыған-татымсаңды ертеңгі сайлау көрсетер! Тек сол жерден кездесіп бағыңыз! – деді».

Абай билік құруда өзінің кемел адам, иті кісілік идеалын – әділетті қоғамды аңсаушылық қасиетін жүзеге асырғанын Мұхтар Әуезов мейлінше толығымен қамтиды. Бұл романда ол Кеңес дәуірінің идеологиясынан шыға алмай, егер оған қарсы болса, онда Абай туралы эпопеясы жарық көрмейтінін білгендіктен, бай мен кедейдің аражігін бөліп, Кеңес идеологиясының басты көзірі тап жауларын қолдан жасауға көнген сияқты. Құнанбайдың өзбырлығын, бай мен кедейдің арасын, Шұбар дөген есіммен Шәкәрімді Абайға душпан, аяр етіп көрсетуі, Оразбай, Сәмен сияқты шонжарлардың бейнесін тым жағымсыз, зорлықшыл ғылыми көрсетуі сондықтан еді. «Оразбай мен Сәмен сиязда, өздері жеңілген өкімді естіп, Абайдың тұсынан қиыс өте беріп, оған бір кінә сөз тастамақ болып еді. Оразбай Абайға түксие қарап, сәл тоқтай беріп сол сөзін айтты:

– Абай, қайда жетерсің, қаншаға дейін барарсың, білмеймін, әйтеуір бір үлкен пәлеге кетіп барасың! Сонымды ғана есіңе саламын! – деді».

Мұның соңы Көшбикеде дұшпандары Абайды соққыға жығуымен, оның зор күйзеліске ұшырауымен тынғаны аян. Абай туған елі тұтас артта, қоршылықта қалғанын мойындауға мәжбүр болып, шер төкті.

Абайдың болыстығы туралы қазіргі ірі абайтанушы ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбай былай көрсеткен: «Сонымен, Абайдың өмірлік шұғылданған кәсібі – билік, соның ішінде болыстықтан тысқары міндеті – кәдімгі дала би еді. Әрине, әділ би болды. Даланың дәстүрі мен заңын Абайдан артық білетін және оны талдап кеткен адам аз». Билікке бел шеше араласу, сайлауға түсу, билік тұтқасын ұстау өнері Абайға өз әкесі Құнанбайдан дарыған. Баласын жасынан ел арасындағы дау-шарға араластырып, билік тетігін білуге баулыған ау баста өз әкесі болатын. Құнанбай аға сұлтан болған соң ел басқаруға көшті, бұрынғыдай тек бір рудың көсемі емес, бір елді билейтін басшысына айналды. Өйткені сол замандағы қазақ өмірі тұтасымен дала заңына бағынудан, жер дауы, жесір дауын шешу, ұрлық-қарлықты тыю, барымта-сырыматадан тыңдайтын арыздарды рулар арасында, ағайын арасында реттеп отыруға саятын. Қазақ халқының өзіндік қалыптасқан ел басқару жүйесін ақ патша билеген Ресей империясының қазақ даласын ұысына алып, тұтастай ерік-күшін билеуге, барша байлығын тонауға бағытталған жаңа низам заңы – өздері бұратана санаған халықты басқару ережесі бұзып жіберді. Абайдың осы жүйеге іштей наразылығы, күрескерлік рухы, шынайы қарсы шығуы әлеуметтік-сатиралық поэзиясында көрініс тапты. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңі елдік жағдайдың ұшығын тұрғанынан, түбі қалай болар деген ауыр уайымнан туған болатын. Болыстыққа таластың залалы, барымташылық тыйылмай үдеп тұрғаны да осы өлеңде көрсетілген.

Өзімдікі деп аямай өз маныңды,
Күндіз күлкің бұзылды,
түнде – үйқың.

Бірінің малын бірі шауып әкететін барымта сол кездегі қазақ халқын шарпыған қысастық және кек қайтару құралына айналды, ал кедейшілік, көсіпсіздік оны кей жұрттың күнкөріс қамына айналдырып тастады.

Бас-басына би болған
өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па
елдің сықын?

Абай сайлауға таласқан ағайындарын, өзге рудың атқамінер пысықтарын көп көреді. Олардың ішінде ақыл-парасатымен, адалдығымен, елге жанашыр пейілімен түсіп отырғандар жоқ. Ұсақ-түйек, шын мәнінде қалың елге бас болуға, тұлға болуға жарамайтын қу, пысықтардың арам пиғыл, жексұрын іс-әрекетін көріп налыды.

Патша өкіметінің 1868 жылғы реформасы, қазақ халқын ұлттық тамырынан ажыратуға негіз салған, дала демократиясы қанға сіңген елдік иге дәстүрін түбірімен копара бұзып, салт-санасына сына түсірген әскери-отаршылық реформа болды. Бұл әкімшілік жүйе мен сайлау тәртібін өзгерткен жаңа ереже билік тұтқасын ұстаған ояз, болыс сияқты жергілікті басқарушы жүйенің қызметшілерін, әкімқараларды өктемдігін күшейе түсті. Әуелі 1822 жылы қазақтың ескі билеу жүйесі хандық билікті жойған болатын. Арада 40 жыл салып орыс отаршылығы оның орнында қалған сұлтандық билікті жойды. Хандық билік жойылған соң қазақтың соңғы ханы Абылайдың немересі Кенесары сұлтан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс он жылға созылып, ақыры империяның аранына тұтылып, оның жымысқы айла-тәсілінен жеңіліс тапты.

Абай орыстың ұлығы мен оязына бағынышты байғұс қазақты отаршылық шырмауы мықтап басқанын осы өлең арқылы терең астарлайды. Өз билігі өзінде жоқ мүсәпір елдің әлеуметтік күйі оңбасын білген соң, жүрегі қан жылап айтқаны болар.

Бірлік жоқ, береке жоқ,
ышын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығын,
баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға
талас қылған,
Күш сынасқан күндестік
бұзды-ау шырқын.

Кілең шенқұмар, мансапқұмарлар бәсекеге ұрынып, шар салып, сайлауға түсемін деп жаныққан «партиялы» топ бекерге малын шашты, әкімшілік лауазымға таласып, қарсыласынан асып түспекке жасаған сатқындық, екіжүзділік мінездерімен көзге ұрды. Қазақ тіліне «партия» деген сөз осы уақытта енді. Орыс ұлықтарының, тілмаштардың сұмдық парақорлығын көрген қыр қазақтары болыстыққа бір сайланып кетсе, шығарған шығынын, кеткен малын есепеп қайтарып аламын деп жанталасты. Осынның бәрін көзімен көріп, көңіл таразысына өлшеп отырған Абай мұның түбі қаранғы халықты әбден бұзып, күнкөріс үшін жамандықтан тайынбайтын имансыз тобырға айналдырып тынатын өнбес, баянсыз тірлік екенін ұқты.

Тобықтының өз ішіндегі ағайын арасындағы күндестік, алаяуздық кеселдері бір шеті болыстық сайлауға қатысты өршігенін Мұхтар Әуезов толық суреттеп берді. Атқамінерлердің өзара қықрысы қайран елді жік-жікке бөліп, құтын қашырды, жұтатып, жұдетті. Бұрын-соңды болмаған, нісі қазаққа жат, арыз жазып, итжеккенге айдату трагедиясы да қазақ даласында осы 1868 жылғы реформадан соң басталып, белең алды. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңі отарланған халықтың трагедиясын ашып қана қоймайды, осы бағару, билік жүйесін қоса өшкерелейді. Өз тағдырына өзі қолы жетпейтін халық – дүниедегі ең соры халық. Семей қазақтарының бастан кешкен кеп барша қазақ даласына тән құбылыс болатын. Ресей империясының әскери қамал-бекіністері біртіндеп қалаға айнала бастаған кезең күшейгенде 1905 жылғы төңкеріс келіп жетті. Бұл жаңа өзгерістерге, басқа дәуірге ұласты.

Әсем ЕРЕЖЕҚЫЗЫ,
Абай академиясының ғылыми қызметкері

АШЫЛМАҒАН АРАЛДАР

Қажымұқанның талантты шәкірті

Арқаның көк өзені Есіл мен Нұраның бойында көптеген хас батыр, сондай-ақ жаурынды жерге тимеген айтулы балуандар дүниеге келген. Солардың арасынан біз Қанжығалы қарт Бөгенбай бахадүрді, Иманжүсіпті, Қажымұқан мен Балуан Шолақты бәрінен де ерекше атар едік.

Ұлы Отан соғысында екі мәрте батыр атағын алған Талғат Бигелдинов, Рейхстагқа ту тіккен Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев, Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмағамбетов Есіл-Нұра бойының ардақтылары.

Қайдар Оспанов Ақмолага іргелес жатқан Астрахан ауданының тумасы. Бұл кісінің тағдыры аумалы-төкпелі заманмен тұстас келгесін көпшіліктің ойында болғанымен, тарихта таңбаланбай қалды.

Өлкетанушы-жазушы, марқұм Сейтжан Садауов өзінің «Қайдар балуан» туралы жазған кітабында «... Әттең заманы оны танымады, құрметтемеді. Бұл өмірден ол қасіретпен өтті» деуі біздің пікіріміздің айқын дәлелі іспетті.

Қажымұқанның талантты шәкірті Қайдар балуанды Ақмола өңірінің тумалары жақсы біледі. Күні бүгінге дейін жыр ғып айтқан кісілерді көзімізге көрді. Оның арғы тегі Орта жүздің белді руы Қыпшақ, оның ішінде Алтыбас елі. Атақты Бұлғақ батырдың ұрпақтары.

Қайдар Оспанов туралы қазақтың белгілі елтанушы қаламгерлері Жайық Бектұров, Баянғали Әлімжанов тың мәліметтер қалдырғаны белгілі. Қажымұқанмен ол 24 жасында кездесіпті. 1919 жылы Қызылжардан Ақмолаға келе жатқан бетінде Қажымұқан Есенбай қажының ауылына түсіпті, қол-аяғы балғадай сом денелі Қайдарға көзі түседі. Сол таныстықтың арқасында ол атақты балуанға еріп, солтүстік өңірдің, сондай-ақ оған шекаралас жатқан Ресейдің Сібір қалаларында өнер көрсетеді.

Мысалы, 1934 жылдың күз айында Қажымұқанның қасына ерген 11 балуанның бірі ретінде Қызылжар қаласында елдеуір уақыт ойын көрсетіпті. Сонда дүйім жұртқа ат белгілі Мишоборов, Ян-Цыған, Лаврентьев, Август секілді алып балуандар цирк өнерін, сондай-ақ француз күресінен жекпе-жектер жасап, оған күреске ебі бар әлді қазақ жастарын тартып отырған.

Ақмолалық Қайдар Оспанов Қажымұқан атамыздың мейлінше талантты із-басары болғанын сонда қазақ жұрты бай-қаған ұқсайды. Онкүндік айқаста Қайдар Оспановқа бірде-бір балуан тең келмеген. Олардың ішінде грузин, поляк, қырғыз тағы басқа ұлттардың ұландары болған.

Бозкілемге шыққан 8 балуанды басымдықпен жеңгені үшін Қайдарға I дәрежелі жүлде беріледі. Бірақ ақша салынған конверті сол кезде қазақтың мәрт жігіті Қызылжар қаласындағы жетім балалар үйіне бергізіпті.

Бұдан кейін Қажымұқан оны 1926-1927 жылдары Ташкентте өткен ойын-сауыққа алып барады. Қайдар – шетелдік балуандар тәрізді көрермендерін қызықтырып, бетіне түрлі маска тартқан сирек қазақтардың бірі. Ол цирк өнерін қысқа уақыт ішінде жетік меңгере бітіпті.

Тура Қажымұқандай үстінен көлік жүргізіп, кеудесіне темір төс қойғызып, сом балғамен тас жарғызған.

Жүген көрмеген арқандаулы екі асау ат екі жаққа тартқанда оның тастуйін жұдырығын жаза алмай қарғып бұлқынғандарына жұрт аң-таң болатын-ды.

Бір күні бір өнері: жуан белтемірді мойнына оп-оңай орап, сондай шапшаңдықпен жасыл жібергенінің – оның ерекше қара күш иесі болғанын айғақтап тұрғандай. Бұл Қажымұқан үйреткен циркпен жұрт қызығарлық ойынды кім көрінгенінің қолынан келмегені анық. Тура осы асыл ағасы сияқты ол бір кісіні иығына отырғызып, ерлер толы арбаны жүгіре сүйрегені талай рет Қайдардың бағын аспандатып еді. Айта берсе, Ақмола өңірінен шыққан атпал азаматтың ел көңілін көтерген қызықты ойын тәсілдері аз болмаған.

20 мм ұзын шегелерді қалыңдығы 5 см тақтайға жалғаған алақанымен бір ұрғанған ар жағынан бір-ақ шығарған кісі.

Қайдар жуандығы саусақтай ұзын темір шегелерді жас қызды шашындай жылдам өретінін көрген көздер аз таңданыста болмағанын біз де естігенбіз. Сол бұралған шегелерді біздің ағайындарымыз қалап сұрап алып, бертінге дейін сандық түбінде сақтады.

Кейбірін балуан атамыз жаңа босанған келіншектердің ер балаларына сыйға тартқан деседі.

Қайдар Оспанов ғұмырында қиын-шылықты көп көрген. Мысалы, әйелі Қадиша масақ теріп кінәлі болып, Кеңес жүйесінің көріне аяусыз ұшырайды. Сотқа құтқармақ болған Қайдардың соңына шам алып түскендер аз болмады.

Қажымұқанның мектебінен өткен кісі қазақ даласының астан-кестенін шығарған құтқын-сүргіннің құрығын да көрген.

Бірде Көкше жағында, енді бірде Ақмола өңірінде өмір сүрсе де ку кедейшілік оның соңынан қалмады.

Қайдар тек қана қуаты бойынан асқан қара күштің иесі қана емес, ол жаны нәзік ақын болған.

Сұрасаң әкем – Оспан,
атым – Қайдар,
Дүшпанға ерегескен көзім жайнар.
Ақырып арыстандай айға шаптым,
Ешнәрсе бөгет болмай, өзен-сайлар.
Алтыбас – руым,
нағашым – Қараменді,
Сайрандап араладым талай жерді.

Қайдары Ақмоланың мұнда
кел деп,
Шақырып исполкомы награда берді.

Нағашылары Арғын атаның Жеті Момышына жататын Атығай елі. Бұл туралы Жайық Бектұров та өзінің зерттеулерінде келістіріп жазған.

Қайдардың үлкен ағасының аты Мұртаза. Көпті көрген көреген көздердің айтуынша, ол ұсталықпен күн кешкен кісі екен. Темірден түйін түйген өнерпаздың ел арасында құрметі зор болған.

Ал Қайдардың кіші інісі Кенжетай Ұлы Отан соғысынан оралмапты.

Балуанның өзінен туған ұрпақтары Ақмола өңірінің әр жерінде, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында тұрып жатыр. Оның үлкен баласына Қажымұқан өзінің атын берген. Екінші ұлын қазақтың дарбаз оқымыстысы Шоқанның есімімен атаған.

Осы мақаланы әзірлеуде бізге атақты балуанның немересі Жасқайрат Қайдаров біраз көмек берді. Әсіресе батырдың суретін тапқаны үшін ол азаматқа шексіз ризалығымызды айтамыз.

Ұрпақтарына ұлы адамдардың атын қойған Қайдар балуан 1950 жылы дүниеден өткен. Оның зираты Ақмола облысының бүгінгі Аккөл ауданының еншісіндегі Мереке ауылының жанында тұр.

Жасынан серілік жолын ұстанған Арқаның абзал азаматы аңшылық пен құсбегілікті де жетік меңгерген. Оның қарулығына қазақпен қатар басқа ұлттар өкілдері де таңдай қағысқан. Батып қалған көлікті, саз-батпаққа белшесінен батып кеткен түйе мен жылқыны өзінің қара күшімен алып шыққанын, білекті қазақтың осы бір алып азаматы жайлы әңгімені жұрт жиі аңыз қылып айтатын-ды.

Соғысқын қызған шағы 1943 жылы ол Ақмола қаласында бірнеше рет цирк ойынынан өнер көрсетіп, одан түскен қаржыны майдана жөнелтіп отырған. Бірақ Отан алдындағы міндетін адал орындаған осы бір дарабоз азаматқын өмірінде қуаныштан гөрі қайғы-қасірет көп болған. Бірақ ол жасымады. Сондықтан Ақмола өңірінің ұландары, батырдың ағайындары мен ұрпақтары оның есімін ерекше қастерлетуде.

Жанат ТҮГЕЛБАЕВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

ТҰЛҒАЛАР ТУҒАН КҮН

Әуезовтің ғадеті

Жұмыс кабинетіміздің бір қабырғасын тұтас алып Абай мен Шәкәрмінін, Алаш қайраткерлерінің, сол ретте, әрине, Әуезовтің де портреті ілінуі тиіс. Сол портреттерден азаматтар, арда туған перзенттер ғана емес, дәуір қарап тұрғандай, тау мен дала, тарих пен тағдыр, замана мен ғасырлар, атамыз қазақ көз салып тұрғандай алаасыраған бір күйге душар етері де бар.



Ерлан ЖҰНІС,
«Egemen Qazaqstan»

Апырай деймін, сурет деген – адам өмірі аққан жұлдыз іспетті болса, соның бір мезетке ғана тоқтап қалған сәтіндей екен-ау. Сол суреттің түсірілген уақыты қай тұс екен, қандай көңіл күймен келіп, қандай ой кешіп, сезім буып, қандай жағдайда түсті екен. Әлбетте, бұл портреттердің дені заманымыздың суретшілерінің қиялы, дей тұрсақ та олар да қайсыбір нақты фотографиялық суретке сүйенді емес пе. Қазақ әдебиеті алыптарының қилы тағдырының қай сәті таңбаланып қалды екен бұл суретте?!.

Мысалы, Мұхтар Омарханұлы осы бір суретке түсер алдында қайдан келді, қай мезгіл, қай сағат еді, қандай халде еді жазушы? Оны зерттеп табуға да болады, бірақ әңгімемізі ол жайлы емес, кейінгі буынға кенепке жағылған бояудай сіңген, мінез болып жұтып, дәстүр болып қалыптасқан Әуезовтің ғадеттері, сөз мысалы, сөйлеу мәнері, әрқилы ситуацияда өзін ұстауы, жиі қайталаған сөздері, жиі жасаған қылықтары жайында.

Фотограф «Мұхтар Омарханұлы, бір қырындап отырасыз ба?» дегенде, классик әдетінше «пәлі» деп қалды ма екен? Әуезовтің ең жиі қолданатын сөзі де осы «пәлі» болған екен, көңіл күй одағайы.

«Пәлі, бәлі» сөзінің түп-тамыры қайда жатқанын кім білсін, парсы тілді халықтар «из» дегенді ауызекі тілде «бале» деп қолданушы еді, содан ба екен. Біздің қолданысымызда құптауды, қолдауды, қолпаштауды, таңдануды да білдіріп жататын осы одағай сөзді Мұхтар Әуезовтің де алуан мәнде, алуан көңіл күйде айтқанын аңғарамыз.

Рахымжан Отарбаев бір эссесінде «Манас» жырының ақталуы жайлы сүйінші хабарды естіген Әуезовтің көңіл күйін «Таң торғайы шырылдағанда барып Саяқбай тізгін тартты. Мұхан терең ой құшағынан соңда ғана босанғандай селт етіп, көзі жасаурап, мұрнын әдеттегідей саумалап: «Пәлі, пәлі!» – дей берді…» деп береді. Мұнда Мұхтар Омарханұлының «пәлі» сөзін разылықпен, шүкіршілікпен, насаттанумен айтқанын сезінеміз. Ал Сәкен Иманасов Тахауи Ахтановтан естіген естелігінде: «Мұқаңның әртүрлі сынға ұшырап жүрген кезі болатын. «Абай жолының» кезекті бір талқылауында баяндама жасау маған тапсырылды. Алғашқы бесалты бетте Мұқаңа деген махаббатымды үйіп-төге мақтап келдім де, енді... Одан ағрысын академик Ахмет Жұбановтан естідім, – дейтін Тақаң. – Мен мақтап тұрғанда Мұқаң қасында отырған Ахаңа сыбырлап: «Осы бір аса білімді, талантты жігіт. Оқығаны да, тоқығаны да көп мұндай жігітті біле жүру теріс болмайды!» деп сыбырлап отырыпты да, мен: «Бірақ романның мынадай-мынадай кемшілігі де (маған солай тапсырылған ғой) бар», – дей бастағанда: «Пәлі, мынау да көп пысықтың бірі болып шықты ғой!» деп, өңі күреңіткен қаппы Ахаңнан мойнын бұрып әкетіпті», дейді. Бұл естеліктен Әуезовтің «пәлі»ні наразы пейілмен, назаланып қолданғанын түсіну де қиын емес.

Кең Әуезов, кең Әуезов мұндай сипаттағы сұрлігулердің сырын әріден таниды ғой, сондықтан інісі Тахауи Ахтановтан сол үшін теріс айналып та кетпеген. Академик Серік Қирабаев ««Пәлі, болам, болмағанда ше; әдебиетке, сынға араласып жүрген бірқатар жас жігіттер – анау Төкен, анау Тахауи, анау Зейнолла (бәрі де сыннан бастаған ғой) – бәрің де кандидат болуларың керек, ғылымға араласу керек», деп зор іңтипатпен қарсы алғаны есімде», деп еске алады. Осы тұстағы «пәлі» қолдаудың, қоғаулың, тілеукорлықтың күйін білдіріп те тұр.

Серік Қирабаев осы естелігін әрі қарай жалғастыра отырып, «Бір жолы Ғабиденнің үйінде дәмдес болғаным бар. Онда да Мұқаң көңілді әңгімемен жұрт назарын аударып отырды, үзіліс кезінде Ғабит пен Ғабиден карта ойнауға отырғанда Мұқаңның ренжіп: «Пәлі, бұлар сөйтеді енді... Өнбес іске жандары құмар. Мәдениетті ортада әдебиет, өнер жайында әңгімелер айтып, ақындары болса, өлең оқып отырмас па!» дегенін естідім», деген бір уақиғаны суреттейді. Мұндағы қолданыстан құбылмалы көңіл күйден шыққан қыжырта сөзді емес, қоңыржай сәттегі қою әңгімеге ойынды қоңыртақсып тұрғанын түйсінеміз. Естеліктер арқылы Әуезовтің портретін жасай отырып Қирабаев «Орысша жақсы білесіз, неге орысша жазбайсыз?» деген сұраққа: Пәлі, орысша жазу үшін орысша тіл білу жеткіліксіз. Орысша түс көру керек. Мен ылғи түсті қазақша көремін», деп жауап берген», дегенді қосады. Қазақша түс көретін Әуезовтің өз ойына осы сөз арқылы үстеме мән жүктеп тұрғанын тағы түсеміз.

Мұхтар Әуезов жайлы естелік әңгімелерді естігенде, оқығанда көз алдымызға жазушының бейнесі мен әрекетін алып келетін тағы бір әдеті бар. Ол – мұрнын сауалау. Әуезов бұл әдетін де әралуан көңіл күйде еріксіз жасайды екен. Мәселен, академик Серік Қирабаев жоғарыдағы естелігінде «Онымен еркін, қысылмай әңгімелесуге болатын еді. Ол кім болса да өзімен тең санап, тең көңілесетін. Тек қытығына тиіп алмасаң болғаны. Қытығына тисе, мұрнын жұлқып, ашуланып, қап-қара болып түнеріп кететін, кейде қатты сөздер айтып тастауға да баратын. Елуншы жылдардың айтыс-тартыстарында оның мұндай мінезін де көрдік», дейді. Ал Отарбаев жоғарыдағы эссесінде «көзі жасауран, мұрнын әдеттегідей сауалап: «Пәлі, пәлі!», дей берді», деп келтіреді. Тағы бір естеліктен мынадай жолдарды оқимыз: «Байқаса, жас сыншы сынарезулеп барады, орағытып шауып қаламгерге біраз сын айтып тастайды. Соңда Мұхан өзінің ойланғанда істейтін әдетіне салып, мұрнын сауалап тұрып қалған екен».

Осы бір үш жағдайдағы қылығын салыстырғанда, жазушының мұрнын сауалайтын әдеті де әртүрлі көңіл күйде қайталанатынын аңғарамыз.

Жалпы, Мұхтар Әуезов жайында жазғанын естеліктерді жұқ қылып жиса, ел көше алмастай екен. Өзбек ғалымы, жазушы Иззат Атаханұлы Сұлтанов Мәскеуде Әуезовтің өзін сарғайтып құтқарып қалғанын айта келе, «Мұхтар Омарханұлы қашанғы әдетінше асықпайды. Елдің ең соңынан сөйлейді» (Қоңырбай Қазақтың жазуынша) дегенді келтіреді. Әуелде әдет қана болып көрінетін дүниенің асылында мінез болатыны, сол мінезден кісінің болмысы көрінетіні анық қой. Осы әдетінен Әуезовтің тұтас бір қыры ашылып тұр. Онда салмақтылық та, сабыр да, табандылық та, тұрақтылық та бар.

Серік Қирабаев жазушының күн режіміне қатысты: «Мұқаң ерте тұрып, 7 мен 8-дің арасында далада қыдыратын да, жас ғалымдарды, аспиранттарын сағат сегізден тоғызға дейін қабылдайтын. Тоғызда таңертеңгі асын ішіп, жұмысына отыратын. Есікті өзі ашатын. «Ешкімді де жұмсамаймын. Өйткені қонақ маған келеді ғой» дейтін», дейді. Мұндай әдеттер бірден пайда болмайды ғой, жылдар бойы қалыптасады, өмір жүйесінің өзгермес бір бөлшегіне айналады. Қирабаевтың естелігі де жазушының кісі жұмсауға бейілсіздігін қуаттай түседі: «Өзін сыйлай білгенге құшағы кең, мейірімі мол еді. Үйіне барғанда, есігін қиналмай ашып, «бәрекелді, жақсы келдің» деп қарсы алатын».

Әдебиетші Ермек Қанықейұлының Абайдың шөбересі Ищаны Жағыпарқызынан жазып алған сұхбатын саралай отырып, ұлы жазушының бірканша мінезін, әдетін, қылығын кезіктіреміз. Мәселен, «Мұхтар Омарханұлы темекіні көп тартатын. Кабинеті таңертең түтін болып тұратын. Әсіресе жазу жазған кезде көп тартады. «Казбек» деген темекі». Сол естелікте Әуезовтің классик замандастарымен бильярд ойнайтыны (үйінде бильярд үстелі болған), итті жақсы көретіні, үш көлік мінгені, тағысын-тағы талай хоббилері жайлы айтылады. Соның бірі – Мұхтар Әуезовтің аңшылыққа құмартуы. Мұны ерекшелеп алып отырғанымыз, Әуезовтің Ғабит Мүсірепов пен айтуынша «сұрмерген» бола тұрып, ұшқан құс, жүгірген аңға әдейі оқ тигізбейтіні назарымызды аудартты. Аңға шығып, «қоян тұра алдымнан жүгіріп өтсін, сонда атамын ғой» деп серіктерін күйдіретіні, қалың ұшқан үйрекке қаңғыған оғы да тимей, Мүсірепов пен «Мына шляпаның астында Әуезов отырғанын ақымақ үйректер қайдан білсін» деп қағытатыны, бәрі-бәрі Мұхтар Омарханұлының табиғатын, жан дүниесін, шынайы бейнесін аша түседі.

Шерханның шамырқанысы



Қазақ баспасөзінің арғы-бергі тарихын түгел тәпсірлегенде, оның бай шежіресін тұтас баян еткенде есімдерін атамай кетпейтін, ғибратты жолдарына соқпай өтпейтін тұлғалар болады. Сондай заңғарлардың қатарында біз әлбетте, Шерхан Мұртазаны айтар едік. Шерхан Мұртаза дегенде біздің көз алдымызға айбарынан алып таулар ығатын, тегеуріні қара тасты қамырша илеп жіберердей найзағай мінез тұлға келе қалады. Алаштың арыстан тұлғасы Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген сөзін бүгінде ерсілі-қарсылы қолдана беретін болдық қой. Асылында, мұндай кесек сөзді кез келген жерге жойдасыз жұмсамасақ керек еді.

Мирас АСАН,
«Egemen Qazaqstan»

Мұртаза мінезі – ұлт мінезі. Шерхан биік мінберден ақиық қырандай санқ ете қалғанда, оның даусынан мұқым қазақтың кеудесінде мыңдаған жыл бойы айтылмай келген арзу естілгендей ел елең ете қалатын. Ол туралы естеліктерге ден қойғанда, тарих таспасына үңілгенде Шерхан-болмыс үнемі шырғып сөйлейтінін, жазғанда да жеріне жеткізіп, шегелеп жазатынын аңғарар едік. Оның намыс найзағайындай шарт кететін «шатақ» мінезі одан кейінгі ұсталатын әр қаламға, сөйленетін әр сөзге, мінілетін әр мінбергe айбар, сес, үлгі болуы керек. Шерханның шамырқанысын былай қойғанда, Шерхан үнсіздігінің өзі мәслихат төрін жеп қоя жаздар еді. Кейде адамға жекіп ұрысқаннан да ауыр жаза, үңдемей қою ғой.

«Араны ашылған қыран не аңды алады, не аңшының өзін алады» деген ғажайып ауыз сөзден кейінгі ұзақ кідіріс көбіміздің есімізде болуы керек. Ол кідіріс жай кідіріс емес, сол кідіріске дейінгі айтылған сөзден де салмақты, сол кідірістен кейін де айтылатын барлық сөздің жүгін арқалап тұратын, кез келген адамның иығы көтере алмайтын, жүйкесі шыдас бермейтін кідіріс болатын. Одан әрі қарай «Осыған қатты мен берсеңіз» делінді.

Иә, мұндай кідірісті табаны нық тұрған тұлға ғана ұзақ ұстай алады. Сондай-ақ Шерханның шамырқанысы осындай кідірістерімен де өтімді болды.

Біз тәуелсіз еліміздің ен тегін байлығының еш қадағалаусыз, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында сұраусыз кетіп жатқанын қанша жерде айттық екен? Әлі де айта берудің мүмкін? Бірақ Шерханның ширығып келіп, шарболаттай шоқ шашып тұрып айтқан бір ауыз сөзіне көбісінің көпірік сөзі астар бола алмай қалды.

«Қазаннан қақпақ кетсе, итten ұят кетеді» деген сөз санқ ете қалды!.. Зал сілтідей тынған. «Біздің жас мемлекетіміздің қазына-қақпағы ашылған екен, соны ұяты кеткендер таланторажға салып жатыр», деп тағы да кідірді. Жай кідірген жоқ, жан-жағын отты көздерімен бір шолып алып әрі қарай негізгі ойларын сабақтады.

Былай қарасаңыз, бағанағы айтқан мәселеміз де, мынау да әрбіріміз айтқан, әр кітапта жүрген, арнайы қолданбасаң тіпті маңызы жоқтай сөз болуы да ғажап емес. Алайда ол Шерхан шамырқанысынан естілгенде, басқалардағы білмейміз, парламент төрінің түс-өңін айтып жеткізу қиын.

Хан айтқан сөзді қара да айтады, аузының дуасы жоқ дейміз бе? Иә, Шер-Хан айтқанда әр сөзге жан, әр үнсіздікке тіл бітер еді.

Шерағаң шамырқанысы ұлтты ұйқысынан құралайдың салқынындай оятып тұрды.

Сөзімізді Ақаңша, Ақселеу Сейдімбекше түйіндесек, әр сөзіне қарауыл қойып сөйлейтін қазақтың алғадай арысы Шерхан Мұртаза – қазақтың бетті де берік мінезі еді-ау!..

Оралханның образы

Ақын-жазушылардың жүріс-тұрысы, өзін ұстауы, кей-кейде қайталанып тұратын тосын қылықтары деген өз алдына бөлек бір әлем. Тіпті әртүрлі қызыққа қалдырып, күлкі шақыратын әрекеттерін естігенде, «солай екен-ау» деп таңғалдыратыны тағы бар. Олар да пенде, ет пен сүйектен жаралған хан баласы, бірақ қалам ұстаған соң, бір қасиеті артық тұрғанын қалайсын. Алтайдың Кербұғысы Оралхан Бөкей айтпақшы, «Аспан болған соң, ашығы жақсы». Шығармасын оқып, әртүрлі ой мен сезімге қанықтан соң, әлгіндей артық қасиеттерді де сол автордың бойынан көргісі келмей ме адамның? Оралханның жоғарыдағы сөзіне салсақ, «жазушы болған соң, жақсы кінігені жақсы» дегендей, әңгіме әр қиырға жетелейтінін көнігі оқырман әлден байқап та отырған шығар.



Жәнібек ӘЛИМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Мәселен, біз тек фотодан немесе экраннан ғана көрген Оралхан Бөкейді қалай елестеткен болар едік. «Құм мінезіндегі» Бархан немесе «Өліарадағы» Қойшы, «Сайтан көпірдегі» Аспан не Аман, «Қар қызындағы» Нұржан, Аманжан, Бақытжан – ушеуінің іргі деп елестете алмайсыз. «Атау кередегі» Таған деп те айта алмас едік қой. Жазушы осы кейіпкерлердің артықшылығы мен кемшілігін бағамдап, бұл кейіпк